

КМҚК «Жұқтырылған иммун тапшылығы
синдромына (ЖИТС) қарсы күрес
және алдын алу жөніндегі
облыстық орталығы»



Атырау облыстық
денсаулық сақтау басқармасы
Бас дәрігері

М.М. Утепкалиев

2017 ж. наурыз 27 № 110 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық) препараттарды,
медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алу бойынша тендерлік тапсырысты дайындау
және тендерге қатысу үшін әлеуетті жеткізушілермен ұсынылатын**

ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алу бойынша тендерге қатысу және тендерлік тапсырыстарға дайындық үшін әлеуетті жабдықтаушыларға тендерді ұйымдастырушымен ұсынылатын осы тендерлік құжаттама (бұдан әрі- Тендерлік құжаттама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазанындағы №1729 қаулысымен бекітілген, тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің көрсетілуі бойынша фармацевтикалық қызметтердің, медициналық мақсатта қолданылатын бұйымдарды және медициналық техниканы, алдын алу (иммунобиологиялық, диагностикалық, жұқпасыздандырылған) препараттарын, дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастырудың және жүргізудің Ережелерімен (бұдан әрі- Ереже) сәйкес жасалған.

1 бөлім. Кіріспе

1.Тендердің мәні

1. Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар (бұдан әрі- тауарлар) сатып алу бойынша тендерді жүргізу бойынша Осы тендерлік құжаттама олардың тендерге қатысуы туралы толық ақпараттың әлеуетті жабдықтаушымен ұсынылуы мақсатында жасалған.
2. Тендер Тауарды жеткізушілерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Сатып алынатын Тауарлар толық тізімі Тендерлік құжаттамаға берілген 1 қосымшада көрсетілген.
3. Тендерді ұйымдастырушымен/ Тауарға тапсырыс беруші Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» КМҚК
4. Сатып алу үшін бөлінген сома Тендерлік құжаттаманың 1 қосымшасында көрсетілген
5. Жеткізілу мерзімі: Тапсырыс берушінің өтініш беруіне сәйкес.

2. Төлемнің базалық шарты

6. Төлемнің базалық шарттары: Тапсырыс беруші төлемді әлеуетті жеткізушіге жеткізілу фактісі бойынша төлейді.

3. Әлеуеттік жеткізушілердің құқықтығы және біліктілігі

7. Тауарлардың әлеуетті өнім берушілеріне мынадай біліктілік талаптары қойылады:
 - 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігінің болуы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);
 - 2) Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында кемінде бір жыл жұмыс

тәжірибесінің болуы (бұл талап өндірушілерге қолданылмайды);

3) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешегінің болмауы;

4) банкроттық не таратылу рәсімдері не жатпауы;

5) жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде болмауы;

6) рұқсат беру органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асыратын қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруға жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға рұқсатының болуы.

Әлеуетті жеткізуші сатып алуларды ұйымдастырушыға өзінің біліктілік талаптарына сәйкес екендігін растайтын, Ережелерде айқындалған, құжаттарды ұсынады.

Сатып алуларды ұйымдастырушының әлеуеттік жеткізушіден осы тармақта көрсетілмеген біліктілік талаптарын талап етуге құқығы жоқ.

4. Тендерді ұйымдастырушыларға тендерлік құжаттардың жағдайын, оның көшірмесін алған, әлеуетті жеткізушілерге түсініктеме

9. Әлеуетті жеткізуші тендерді ұйымдастырушыдан тендерлік құжаттарды түсіндіруін талап етуіне құқығы бар, бірақ тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін он күнтізбелік күн бұрын. Әлеуеттік жеткізуші сұраныстарын тендерді ұйымдастырушының келесі деректемелеріне жолдау керек: 060009, Атырау облысы, Атырау қаласы, Владимирский көшесі, 22 б. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» КМҚК есепші бөлімі. Тендерді ұйымдастырушы өтінімді алғаннан кейін үш күннен кешіктірмей, тендерлік құжаттар ұсынылған, барлық әлеуеттік жеткізушілерге, авторлық сұранысы көрсетілмей, сәйкес түсініктемелерді жолдауы керек.

10. Тендерді ұйымдастырушы, тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы уақыты өткенге дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей өзінің бастамасы бойынша немесе әлеуеттік жеткізушілердің өтініміне жауап ретінде тендерлік құжаттамаларға өзгерістер енгізуге құқылы. Енгізілген өзгертулердің міндетті күштері бар және олар туралы тендерлік құжаттамалар ұсынылған барлық әлеуеттік жеткізушілерге тез арада хабарланады. Бұл ретте, тендерлік өтінімдерге осы өзгерістерді әлеуеттік жеткізушілермен есеп жүргізу үшін бес жұмыс күнінен кем емес уақытқа тендерлік өтінімдерді ұсынудың нақтылы мерзімін тендерді ұйымдастырушы ұзартады.

2 бөлім. Тендерлік құжаттамалар

1. Тендерлік құжаттамалардың мазмұны

11. Тендерлік құжаттар келесі мағынада болады:

1) оның көрсетілген біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын әлеуетті жеткізуші ұсынған құжаттарға талаптар қойлуы;

2) Ереженің 8 тармағында айқындалған ақпараттар;

3) Тендерлік құжаттардың *1 қосымшасына* сәйкес сатылып алынатын тауарлардың тізімдемесі;

4) Тендерлік құжаттың *2 қосымшасына* сәйкес сатылып алынатын тауарларға талап етілетін техникалық сипаттамаларға;

5) Тендерлік құжаттың *3 қосымшасына* сәйкес деке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тендерге қатысуға өтінім;

6) Тендерлік құжаттың *4 қосымшасына* сәйкес (Банктік кепілдік) тендерлік өтінімнің камтамасыз етілуі;

7) Тендерлік құжаттың 5 қосымшасына сәйкес берешектің жоқ екендігі туралы банк анықтамасы;

8) Тендерлік құжаттың 6 қосымшасына сәйкес бағалар кестесін ұсыну формасы;

9) Тендерлік құжаттың 7 қосымшасына сәйкес сатып алу туралы келісімшарттың жобасы;

10) Тендерлік құжаттың 8 қосымшасына сәйкес әлеуеттік жеткізушінің өтініміне қоса берілетін құжаттардың тізімін толтыру формасы;

3 бөлім. Тендерлік өтінімдердің әрекет ету мерзімі, мазмұны, ұсынылуы, өзгертулері мен кері қайтарылуы

1. Тендерлік өтінімдердің әрекет ету мерзімі, мазмұны, ұсынылуы, өзгертулері мен кері қайтарылуы

12. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді мөрленген түрде тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады.

13. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін түскен тендерлік өтінім ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

14. Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы күнінен бастап есептелетін кемінде күнтізбелік қырық бес күнді құрайды. Қолданылуы мерзімі ең қысқа тендерлік өтінім қабылданбауы тиіс.

15. Тендерлік өтінім негізгі бөліктен, техникалық бөліктен және кепілдікті қамтамасыз етуден тұрады. Бірлесіп орындаушы тартылған жағдайда әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге рұқсат беру органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асыратын қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруға бірлесіп орындаушының құқығын растайтын рұқсатты да, әлеуетті өнім беруші мен ол тартып отырған бірлесіп орындаушы арасында жасалған шартты да ұсынады.

Тендерлік өтінімнің негізгі бөлігі мыналарды қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тендерге қатысуға өтінім. Электрондық жеткізгіште денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттар тізімдемесі ұсынылады;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

3) заңды тұлға үшін жарғының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, сондай-ақ құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе құрылтай шартының көшірмесі немесе хабарландыру күнінен кейін жұмыс істеп тұрған акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзінді ұсынылады);

4) заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері;

5) рұқсаттардың (хабарламалардың) не мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жолданған) электрондық құжат түріндегі рұқсаттардың (хабарламалардың) көшірмелері. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жолданған) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырылған көшірмесін ұсынады;

6) конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салықтық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

7) конверттерді ашу күнінің алдында бір айдан ерте емес берілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше банктің немесе шетел банкінің клиенті болып табылса, онда әлеуетті өнім берушінің шетелде орналасқан филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, осындай банктердің әрқайсысынан анықтама ұсынылады) әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарына сәйкес үш айдан астам созылатын міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігі туралы әлеуетті өнім беруші қызмет алатын банктің қол қойылған анықтамасының түпнұсқасы;

8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша біліктілік туралы мәліметтер;

9) егер әлеуетті өнім беруші басым құқыққа үміткер болса, тиісті өндірістік практика талаптарына (GMP) немесе халықаралық стандартқа (дәрілік заттарды сатып алу үшін) және (немесе) тиісті дистрибуторлық практика (дәрілік заттарды сатып алу үшін) (GDP) және тиісті дистрибуторлық практика (GPP) талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификаттың көшірмесі (фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін);

10) егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасында салық төлеуші ретінде тіркелмесе, онда оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органының осы әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті және салықтық есепте тұрмайтыны туралы хаттың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады;

11) әлеуметті өнім беруші мәлімдеген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың және (немесе) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің, қосалқы көрсетілетін қызметтердің бағасын қоса алғандағы соңғы бағасы қалыптасатын, әлеуетті өнім берушінің нақты шығындарын қамтитын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша әлеуетті өнім беруші мәлімдеген бағалар кестесі;

12) қосалқы көрсетілетін қызметтер;

13) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

14) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау үшін жағдайлардың болуын тексеру актісінің, қажет болған кезде "салқынлату тізбегінің" болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық зерттеу актісінің көшірмесін (актілер өтінімдері бар конверттер ашылған күнге дейін бір жылдан кешіктірілмей берілуге тиіс). Әлеуетті өнім беруші тиісті дистрибуторлық практика сертификатын (GDP) ұсынған жағдайда жоғарыда көрсетілген актілер ұсынылмайды;

15) тендерлік құжаттамада көзделген басқа да құжаттар.

17. Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі мыналарды қамтиды:

1) мәлімделген тауардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің нақты техникалық сипаттамалары көрсетілген қағаз жеткізгіштегі техникалық ерекшелік (медициналық техниканы мәлімдеген кезде *doc форматында электрондық жеткізгіште де);

2) осы Қағидалардың талаптарына және тендерлік құжаттамаға ұсынылатын тауарлардың және фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растайтын құжаттар.

Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге тауарларды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан бір пайыз мөлшерінде кепілдікті

қамтамасыз

етуді

енгізеді.

Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) мынадай:

1) тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша банк кепілдігі түрінде ұсынылады.

Ақшалай түрдегі тендерлік өтінімнің қамтамасыз етілуі тендерді ұйымдастырушының сәйкес есеп-шотына әлеуеттік жеткізуші енгізеді:

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» КМҚК, СТН 151000020140, ИИК KZ046010141000193243, БИК HSBKZZKX "Қазақстан Халық банкі" АҚ БИН 940740000901;

Кепілдікті қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмайды.

Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге бес жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда қайтарылады:

1) тендерлік өтінімнің мерзімі өткен (тендер жеңімпазының тендерлік өтінімін қоспағанда);

2) тендерлік өтінімді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім беруші оны қайтарып алғанда;

3) тендерлік құжаттаманың ережелеріне сәйкес келмеу негіздемесі бойынша тендерлік өтінім қабылданбағанда;

4) басқа әлеуетті өнім беруші тендердің жеңімпазы деп танылғанда;

5) тендердің жеңімпазын айқындаусыз сатып алу рәсімдері тоқтатылғанда;

6) сатып алу шарты күшіне енгенде және сатып алу шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді тендер жеңімпазы енгізгенде.

Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге, егер ол:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) тендердің жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге шарт жасаудан жалтарса;

3) жеңімпаз болып танылса және сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге шартты кепілдікті қамтамасыз етуді енгізбесе не уақтылы енгізбесе қайтарылмайды.

Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді ұсынудың мерзімі аяқталғанға дейін өзінің тендерлік өтінімін өзгертуге немесе қайтарып алуға құқылы. Бұл ретте ол өзінің тендерлік өтінімінің кепілдік қамтамасыз етілуін қайтарып алуға құқылы.

Әлеуетті жеткізушінің тендерлік өтінімді қайтарып алу туралы хабарламасы тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірілмей, сатып алуды ұйымдастырушыға жазбаша түрде жіберілуі тиіс.

Тендерлік өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

2. Валюта және тендерлік өтінім беру тілі

16. Әлеуеттік жеткізушінің тендерлік өтінімнің бағасы теңгемен айқындалуы керек.

17. Әлеуеттік жеткізуші даярлаған, Тендерлік өтінім, сондай-ақ тендерлік өтінімге қатысты барлық қағаздар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тілде құралады және ұсынылады. Әлеуеттік жеткізуші ұсынатын, ілеспе құжаттар мен баспалық әдебиеттер,

тендерлік өтінім тіліндегі сәйкес бөлімдерінің аудармасы нотариалды куәландырылған нақты аудармасы қоса берілгенде ғана құжаттарды басқа тілде құруға болады, мұндай жағдайда, тендерлік өтінімнің түсіндірілуі мемлекеттік немесе орыс тілінде құрылған құжаттар басымдылық танытады.

4 бөлім Тендерге қатысу үшін тендерлік өтінімдерді ұсыну

1. Тендерлік өтінімді рәсімдеу және визалар қою

18. Әлеуеттік жеткізуші тендерлік өтінімді беттері тігілген, нөмірленген, соңғы бетіне заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қол қойылған және мөрі басылған күйде ұсынуы керек.

19. Тендерлік өтінімнің техникалық айрықшалауы (беттері тігілген, нөмірленген, соңғы бетіне заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қол қойылған және мөрі басылған күйде) және кепілдік қамсыздандырудың түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек салынады.

20. Тендерлік өтінім басылған, я болмаса өшіріліп қалмайтын сиямен жазылады керек және әлеуетті жеткізуші қол қояды.

21. Тендерлік өтінімде жазылу жолдары арасында ешқандай қосымша қоюлар, ошірулер немесе қосымша жазулар болмау керек, тек әлеуеттік жеткізушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерін түзегені болмаса.

22. Әлеуеттік жеткізуші тендерлік өтінімді конвертке салып жапсырады. Конверттің сыртында әлеуетті жеткізушінің атауы және заңды мекенжай көрсетіледі. Тендерлік құжатта көрсетілген, тендерді ұйымдастырушының мекенжайына жолданады және « _____ » және « _____ » деген жазулар болуы керек.

2. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орыны мен соңғы мерзімі

23. Тендерлік өтінімдер тендерді ұйымдастырушыға әдейі немесе пошта арқылы (жолданады) жіберіледі: 060009, Атырау облысы, Атырау қаласы, Владимирский көшесі, 22 б. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» КМҚК, есепші бөлімі. Тендерлік өтінімдерді ұсырудың соңғы мерзімі – 2017 жылдың 13 сәуір есегілікті уақытпен сағат 10-00-ге дейін ұсынылады..

3. Тендерлік өтінімдерді ұсыну

24. Осы Тендерлік құжаттың және жоғарыда айтылған Ереженің талаптарына сәйкес тендерлік өтінімдер ұсынылуы керек.

5 бөлім. Тендерлік өтінімдерді ашу, бағалау және салыстыру

1. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу

25. Тендерлік өтінімдері бар конверттер 2017 жылдың 13 сәуір жергілікті уақытпен 11 сағат 30 минутта мына мекенжай бойынша: Атырау облысы, Атырау қаласы, Владимирский көшесі, 22 б. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» КМҚК, мәжіліс залы (орталық ғимараты) ашылады.

Осы тендерлік құжатта және тендерді ұйымдастырушының хабарландыруында орнатылған мерзімде және тәртіпте ұсынылған әлеуеттік жеткізушілердің өтінімдерімен конверттер ашылады.

Тендерлік өтінімдерді ашу шарасына қатысатындар, әлеуеттік жеткізушілердің уәкілетті өкілдері, өздерінің қатысатындықтарын растайтын олардың қатысуға уәкілетті екендіктерін

растайтын құжаттар ұсынуы керек және Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» КМҚК, бухгалтерияға, 2017 жылдың 13 сәуір жергілікті уақытпен сағат 10-45-те тіркелуі керек.

Әлеуеттік жеткізушілер мен олардың уәкілетті өкілдері, тендерлік комиссияға тендерлік өтінімдерді ашу кезіндегі шараны жазып алу үшін аудиотаспаға және бейне түсірілімге түсіру техникалық бұйымдары бар екендіктері туралы мәлімдейді.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде комиссияның хатшысы барлық қатысушы адамдарға тендерге қатысушы әлеуетті өнім берушілердің атауын және мекенжайын, олар ұсынған бағалар, жеткізу мен төлем шарттарын, тендерлік өтінімдердің өзгертілуін және қайтарып алуын, егер олар құжатты түрде ақындалған болса, тендерлік өтінімдерді құрайтын ұсынылған құжаттар туралы ақпаратты хабарлайды. Бұл ақпарат тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасында көрсетіледі.

2. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру

26. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерге бағалау және салыстыруды жүзеге асырады. Тендерлік өтінімде қамтылған ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына күмәнданған жағдайда жетіспейтін құжаттарды толықтырумен не тендерлік өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстырумен байланысты комиссия әрекетін қоспағанда, комиссияға қажетті шараларды қабылдауға жол беріледі.

Әлеуетті өнім берушілердің олардың банкроттық не таратылу рәсімдеріне жатқызылмауы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық немесе таратылу рәсімдерінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған олардың жосықсыз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесінде болуы бөлігінде ақпаратты қарайды, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсындағы ақпаратты қарайды.

27. Тендерлік комиссия мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тендерлік өтінімнің кепілдікті қамтамасыз етілуі ұсынылмағанда;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік көшірмелерін не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәлік көшірмесі ұсынылмағанда;

3) жарғының көшірмесі немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзіндінің немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларда құрылтай шарты ұсынылмағанда;

4) тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмелері, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі ұсынылмағанда (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға үшін);

5) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер расталатын Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) электрондық құжат түріндегі рұқсаттардың (хабарламалардың) көшірмелері не рұқсаттар (хабарламалар) ұсынылмаған не мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландыргән көшірмелері ұсынылмағанда;

б) конверттерді ашу күнінің алдында бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоғы (бары) туралы мәліметтер ұсынылмағанда;

7) тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша

берешегі туралы ақпарат болғанда (берешектің жалпы сомасында көрсетілмеген олар бойынша төлем мерзімдері өзгертілген сомаларды қоспағанда);

8) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес уақыты өткен берешектің жоқ екені туралы қол қойылған банк анықтамасының түпнұсқасы ұсынылмағанда;

9) банктің немесе банк филиалының анықтамасында осы анықтаманы беру күнінің алдындағы үш ай бойы төленбеген әлеуетті өнім берушінің міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегі болғанда;

10) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша біліктілік туралы мәліметтер ұсынылмағанда;

11) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес техникалық ерекшелік ұсынылмағанда;

12) әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелік ұсынылғанда;

13) дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі белгіленгенде;

14) банкроттық, таратылу рәсімі қолданылған және (немесе) жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде болғанда;

15) осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген талаптарға ұсынылған тауарлардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылмағанда;

16) әлеуетті өнім беруші GDP тиісті дистрибуторлық практикасының сертификатын ұсынған жағдайды қоспағанда, дәрілік заттардың айналысы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері берген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтауға және тасымалдауға арналған жағдайлардың болуын тексеру актісінің қажет болған кезде осы Қағидалардың 65-тармағының 14) тармақшасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық тексерудің "салқындату тізбегінің" болуы туралы актісінің көшірмесі ұсынылмағанда;

17) мәлімделген медициналық техниканың техникалық ерекшелігі тіркеу куәлігінде және (немесе) тіркеу деректерінде айқындалған техникалық сипаттамаға және (немесе) құрауыштарына сәйкес келмеген;

18) осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда осы Қағидалардың 18-тармағының талаптарына сәйкес келмеген;

19) осы Қағидалардың 26, 30-тармақтарында белгіленгендер;

20) егер тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік құжаттаманың шарттарында көрсетілгенге карағанда қысқа болса;

21) егер бағалар кестесі ұсынылмаса не қол қойылмай ұсынылған;

22) сатып алу бағасы тиісті лот бойынша сатып алу үшін бөлінген бағадан және (немесе) уәкілетті орган белгілеген шекті бағадан жоғары бағалар кестесі ұсынылған;

23) тендерлік өтінім тігілмеген түрде, беттері нөмірленбей, қолмен куәландырылмаған, конвертте әлеуетті өнім берушінің, тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының атауы немесе заңды мекенжайы көрсетілмей ұсынылған тендерлік өтінімді тұтастай немесе лот бойынша қабылдамайды.

28. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты өткізілмеді деп танылса, осы Қағидалардың 2-бөліміне сәйкес тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендердің мазмұны мен шарттарын өзгертеді және тендерді қайта өткізеді.

29. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін бір ғана өтінімді беру негіздемесі бойынша өткізілмеді деп танылса, онда тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы осы өтінімді берген әлеуетті өнім берушіден сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырады.

30. Тендер тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) ұсынылған тендерлік өтінімдер болмаса;

2) екеуден аз тендерлік өтінімдер ұсынылса;

3) егер бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;

4) егер бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, өткізілмеді деп танылады.

31. Тендердің жеңімпазы ең төмен баға негізінде айқындалады.

32. Тендерлік комиссия тендерге қатысу үшін қабылданған, тендерлік өтінімдерді бағалайды және салыстырады, бағасы ең төмен негіздегі өтінімді жеңімпаз болып анықталады.

33. Комиссия тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тендердің нәтижелерін хаттамалық рәсімдеу жолымен тендердің нәтижесін шығарады.

34. Тендерге қатысқан әлеуеттік жеткізуші Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тағайындалған тәртіпте тендердің нәтижесіне шағымдануына болады.

3. Басымдылықты ұсыну шарттары

35. Егер тауарды сатып алуға отандық тауар өндіруші болып табылатын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін бір әлеуетті өнім беруші қатысса, онда сатып алу өткізілмеді деп танылады. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы немесе бірыңғай дистрибьютор отандық тауар өндіруші болып табылатын осы әлеуетті өнім берушілерден бір көзден сатып алу тәсіліне ауысады.

36. Егер тауарды сатып алуға екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, оның біреуі отандық тауар өндіруші болып табылған және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, онда сатып алу өткізілмеді деп танылады. Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы немесе бірыңғай дистрибьютор отандық тауар өндіруші болып табылатын әлеуетті өнім берушілерден бір көзден сатып алу тәсіліне ауысады.

37. Егер тауарды сатып алуға отандық тауар өндірушілер болып табылатын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, онда осы лот бойынша отандық тауар өндірушілер болып табылатын әлеуетті өнім берушілер ғана жіберіледі және қалған әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдері қабылданбайды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде шарттар жасау басымдығына:

1) дәрілік заттарды сатып алу кезінде тиісті өндірістік практика (GMP) және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу;

2) дәрілік заттарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP);

3) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификат алған әлеуетті өнім берушілер ие болады.

38. Сатып алу немесе жеткізу шартын жасауға басымдықты алу үшін әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізудің ұзақ мерзімді шарттарын жасау кезінде тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификатты; тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) сертификаттын; фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дәріханалық практика (GPP) сертификаттын қоса береді.

39. Егер лотқа бір әлеуетті өнім беруші ғана қатысса немесе аукционға осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін тендерлік өтінімді және объектінің GMP немесе GDP талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты ұсынған әлеуетті өнім беруші ғана жіберілсе, онда комиссия бұл лотты өткізілмеді деп таниды. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы немесе бірыңғай дистрибьютор осы әлеуетті өнім берушіден бағасы бойынша оның баға ұсынысынан аспайтын бір көзден сатып алу тәсіліне ауысады.

40. Егер лотқа осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін тендерлік өтінімді және объектінің GMP немесе GDP талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты ұсынған екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, онда комиссия олардың тендерлік өтінімдерін ғана қарайды, ал басқа қатысушылардың тендерлік өтінімдерін (олар болған кезде) қабылдамайды.

6 бөлім. Мемлекеттік сатып алулар келісімшартын бекіту

41. Тапсырыс беруші тендердің қорытындысы шыққан күннен не сатып алуды ұйымдастырушыдан сатып алу қорытындысын алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әлеуетті өнім берушіге қол қойылған сатып алу шартын 7 қосымшаға сәйкес немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жасалған фармацевтикалық қызметтерді көрсету шартын жібереді.

42. Шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тендердің жеңімпазы оған қол қояды не тапсырыс берушіні оның талаптарымен келіспеуі немесе қол қоюдан бас тартуы туралы жазбаша хабардар етеді. Көрсетілген мерзімде қол қойылған шартты ұсынбау немесе оның талаптарымен келіспеу туралы хабарлау шарт жасасудан бас тарту болып есептеледі. Келіспеушіліктерді шешу мерзімі екі жұмыс күнінен аспауға тиіс.

43. Сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шарты, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

44. Егер тендердің жеңімпазы белгіленген мерзімде сатып алу шартына немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартына қол қоюдан жалтарса немесе тапсырыс берушіге оның шарттарымен келіспеуі туралы хабарламаса, онда тапсырыс беруші осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін және баға ұсынысы жеңімпаздың ұсынысынан кейін екінші болып табылатын тендерге қатысушымен шарт жасайды.

45. Шартқа өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін қандай да бір өзгерістерді және (немесе) жаңа талаптарды енгізуге (тауар бағасын, көлемді азайтуды қоспағанда), оның ішінде шартта көрсетілген сауда атауын басқа сауда атауымен ауыстыруға жол берілмейді.

46. Өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған сапа мен басқа да шарттар өзгермеген жағдайда, жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

1) тауарларға бағаны және тиісінше шарттың бағасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) тауарлардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің көлемін азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі.

47. Тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының сатып алу туралы, фармацевтикалық қызмет көрсету туралы шартқа қол қойылғанға дейін тауардың не фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің бағасын азайту мақсатында тендер жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушімен келіссөздер жүргізуіне жол беріледі. Әлеуетті өнім беруші өзінің қалауы бойынша тауардың немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің бағасын азайтуға келісетіні немесе келіспейтіні туралы шешім қабылдайды, ол тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының тендер жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушімен шартқа қол қоюдан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

7 бөлім. Сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу тәртібі

48. Сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтерді көрсету шартының мазмұнын, нысанын және оны кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу талаптарын (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы айқындайды және ол тендерлік құжаттамаға, сатып алу шартына және фармацевтикалық қызметтер көрсету шартына енгізілуге тиіс.

49. Кепілдікті қамтамасыз ету сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының бағасының үш пайызын құрайды және ол:

1) тапсырыс берушіге қызмет көрсетілетін банкке салынатын ақшалай қаражат түріндегі кепілді жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес берілген банк кепілдемесі түрінде ұсынылады.

50. Ақшалай қаражатты кепілді жарна түрінде кепілдікті қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің тиісті шотына енгізеді.

51. Егер сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының бағасы тиісті қаржы жылына арналған айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаса, кепілдікті қамтамасыз ету енгізілмейді.

52. Сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді өнім беруші, егер өзі өзгешені көздемесе, күшіне енген күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

Сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіге мынадай жағдайларда:

1) өнім беруші шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шарты бұзылғанда;

2) жеткізу шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда (жеткізу мерзімдерінің бұзылуы, сапасыз дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу және шарттың басқа да талаптарының бұзылуы);

3) орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сатып алу шартында немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартында көзделген айыппұл санкциялары төленбегенде қайтармайды.